

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	30 беттің 1-ші беті

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ жұмыс түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамы мен оқу-көмекші персоналдың педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормалары туралы ереже

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026
		30.04.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	30 беттің 2-ші беті

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» сәуір 2026 жылы № 10 хаттама № 9 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** 2024 жылғы «28» наурыздағы № 8 баспаның орнына
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026
		30.04.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	30 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	6
5. ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ.....	6
6. ОҚУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	7
7. ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖҮКТЕМЕНІ БӨЛУ ТӘРТІБІ.....	8
8. САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ САЯСАТЫ.....	8
9. АУДИТОРИЯДАН ТЫС ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ.....	10
10. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ.....	11
11. КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ.....	13
12. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ЖОСПАРЛАУ.....	14
13. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАУ.....	15
14. ББ БОЙЫНША ЖЕКЕ САБАҚТАР.....	15
15. КОНЦЕРТМЕЙСТЕРЛІК САҒАТТАР.....	15
16. НАҚНҰСҚАМЕН ЖҰМЫС.....	18
17. ИЛЛЮСТРАТОРЛЫҚ САҒАТТАР.....	18
18. САҒАТТЫҚ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ.....	19
19. ПОҚ ЖЕКЕ ЖОСПАРЫ.....	19
20. ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ.....	20
21. ҚОСЫМША 1.....	21
22. ҚОСЫМША 2.....	22
23. ҚОСЫМША 3.....	22
24. КЕСТЕ 1.....	24
25. КЕСТЕ 2.....	28
26. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ.....	29
27. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	30

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026
		30.04.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	30 беттің 4-ші беті

«Бекітілді»
«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
«30» сәуір 2026 жыл № 10 хаттама
Ғылыми кеңестің төрағасының орынбасары
Ш. Ергөбек

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (бұдан әрі – Академия) жұмыс түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамы мен оқу-көмекші персоналдың педагогикалық жүктемесін есептеуге арналған уақыт нормалары туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) оқу жұмысының түрлерін және білім беру процесін ұйымдастыру мен жоспарлау кезіндегі педагогикалық жүктемені есептеу тәртібін сипаттайды.
2. Осы Ереже Академияның ішкі және сыртқы (аудит) қызметінде де пайдаланылуы мүмкін және басқа тұлғаларға ұсынылуға жатпайды.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына және білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.
4. Ережені әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілер мен құжаттар пайдаланылды:
 - 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
 - 2) «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;
 - 3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
 - 4) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
 - 5) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	30 беттің 5-ші беті

6) «Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығы;

7) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

8) «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы;

9) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы;

10) Академиялық қызметті, Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды регламенттейтін «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің ішкі нормативтік құжаттары;

11) Осы бөлімде көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Академия осы Ережеге өзгерістер енгізбестен олардың өзекті редакцияларын басшылыққа алады.

3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

5. Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ҚР

ММ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

МЖМБС – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары

ББ – Білім беру бағдарламасы

ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары

ЖОЖ – Жеке оқу жоспары

ПОҚ – Профессорлық-оқытушылық құрам

ОКП – Оқу-көмекші персонал

ҚА – Қорытынды Аттестация

АК – Аттестаттау комиссиясы

КЕ – Кешенді емтихан

АМЖҚ – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет;

БАОӨЖ – Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026
		30.04.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	30 беттің 6-ші беті

БАӨЖ – Білім алушының өзіндік жұмысы

ҒКДБ – Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6. Осы Ереже академияның ПОҚ және оқу-көмекші персоналының (концертмейстерлер, иллюстраторлар) еңбегін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.

7. ПОҚ мен ОКП педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормаларын белгілеудің негізгі мақсаты ПОҚ арасында оқу жұмысының түрлерін ұтымды бөлу, оқытушылардың жұмыс уақытын тиімді пайдалану және білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

8. ПОҚ педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормалары ББ іске асыру бойынша оқытушылардың нақты жұмыс көлемін қалыптастыру үшін пайдаланылады және атқаратын лауазымын ескере отырып, оқу жұмыс жоспарларында айқындалған міндеттерді орындау кезінде ескеріледі.

9. Педагогикалық жүктемені жоспарлау кезінде білім алушыларды даярлау сапасын қамтамасыз ету мақсатында бакалавриаттың ББ іске асыруға ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының қатысуы қамтамасыз етіледі.

10. Академияның ПОҚ жұмыс уақытының ұзақтығы ҚР Еңбек кодексімен, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушылары үшін кәсіптік стандартпен, Академия Жарғысымен, еңбек шартымен және ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен реттеледі.

11. ПОҚ-ның орташа жылдық педагогикалық жүктемесі білім алушылар контингентіне және Академияның жылдық оқу жұмысының көлеміне қарай айқындалады. Академияда білім алушылар контингентінің сандық құрамының бір оқытушыға шаққандағы арақатынасы мынадай нормативтерге сәйкес келеді:

- бакалавриатта – 3,5:1;

- магистратурада – 4:1;

- докторантурада – 3:1.

12. Кафедраның штат саны оқу жұмысының көлеміне және ПОҚ педагогикалық жүктемесінің нормативтеріне сүйене отырып қалыптастырылады және белгіленген тәртіппен бекітіледі.

13. Педагогикалық жүктеме есептеулерінің дұрыстығы және олардың бекітілген кіріс деректеріне (оқу жұмыс жоспарларына, білім алушылар контингентіне, есептік құжаттаманың бекітілген нысандарына) сәйкестігі үшін жауапкершілік кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

14. Ұзақ мерзімді еңбекке жарамсыздық, қызметтік іссапар, біліктілігін арттыруға жіберу не өзге де құжатталған негіздер кезеңінде оқытушы ҚР заңнамасына сәйкес еңбек құқықтарын сақтай отырып, педагогикалық жүктемені орындаудан босатылады. Педагогикалық жүктеменің орындалмаған көлемі белгіленген тәртіппен қайта бөлуге жатады.

5. ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі
		30 беттің 7-ші беті

15. ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау оқытушының кесте бойынша немесе бекітілген кесте бойынша білім алушылармен байланыс және өзге де регламенттелген оқу жұмысын орындауының нақты уақытын көрсететін академиялық сағаттарда жүзеге асырылады. ББ академиялық кредиттері оқытудың еңбек сыйымдылығын анықтау үшін пайдаланылады және педагогикалық жүктеменің сағаттық көлемін есептеу үшін негіз болады, бірақ оқытушының жұмыс уақытын есепке алудың дербес бірлігі ретінде қолданылмайды.

16. Білім алушылар контингентінің, ББ жұмыс оқу жоспарларының және оқу жұмысының жылдық көлемінің негізінде жоспарлы-экономикалық бөлімі тиісті оқу жылына ПОҚ және ОПК штат бірліктерінің санын айқындайды.

17. Белгіленген мерзімде кафедра меңгерушілері штаттық кестеге сәйкес лауазымдарды көрсете отырып, кафедра оқытушылары арасында педагогикалық жүктеменің жалпы көлемін бөледі және оны Академиялық мәселелер жөніндегі қызметіне ұсынады.

18. Кафедраның оқу жүктемесінің көлеміне кафедра меңгерушісі, факультет деканы, АМЖҚ және ҒКДБ басшысы қол қояды.

19. Кафедра ПОҚ-ның педагогикалық жүктемесін жоспарлау кезінде жылдық жүктеме көлемінің семестрлер бойынша біркелкі бөлінуін қамтамасыз етеді. Жекелеген семестрде оқу жүктемесінің болмауын көздейтін педагогикалық жүктемені жоспарлауға, сондай-ақ жүктемені тек аудиториядан тыс жұмыс түрлері есебінен ғана қалыптастыруға жол берілмейді.

20. Келісілген құжатты АМЖҚ Академияның Ғылыми Кеңесінің бекітуіне ұсынады.

6. ОҚУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

21. Педагогикалық жүктемені жоспарлау кезінде оқытушы тікелей орындайтын және академиялық сағаттарда есепке алынуға жататын оқу жұмысының түрлері белгіленеді, оның ішінде:

- лекциялар;
- семинар және практикалық сабақтар;
- жеке сабақтар;
- курстық және дипломдық жұмыстарға (жобаларға) басшылық ету;
- есептерді қабылдаумен тәжірибелерді басқару;
- магистрлік және докторлық диссертацияларға (жобаларға) басшылық ету;
- білім беру бағдарламаларында көзделген оқу жұмысының өзге де түрлері.

22. Білім алушылардың оқытушының тікелей қатысуынсыз орындайтын өзіндік жұмысы ПОҚ-ның педагогикалық жүктемесіне кірмейді және білім алушының еңбек сыйымдылығының бір бөлігі ретінде есепке алынады.

23. Бақылау іс-шараларына ағымдағы бақылау, аралық бақылау, бақылау жұмыстары, курстық және өзге де жұмыстарды қорғау, аралық аттестаттау (емтихан нысанында және басқа да нысандарда), қорытынды аттестаттау жатады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	30 беттің 8-ші беті

24. Жалпы білім беру циклі пәндері бойынша емтихандар («Қазақстан тарихы» пәнін қоспағанда), сондай-ақ теориялық пәндер бойынша емтихандар, әдетте, ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып тестілеу түрінде өткізіледі. Емтихандарды өткізудің өзге де нысандары пәннің және ББ ерекшелігін ескере отырып, кафедраның шешімімен рұқсат етіледі.

25. Оқу үдерісін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит білім алушының 30 академиялық сағатының еңбек сыйымдылығына тең деп есептеледі.

Барлық оқу түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең. Пән бойынша аудиториялық жұмыстың көлемі пәннің жалпы көлемінің кемінде 30%-ын құрайды. Аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстың нақты арақатынасы ББ жұмыс оқу жоспарларымен айқындалады.

Көрсетілген сағаттарды оқу іс-әрекетінің түрлері бойынша бөлу академиялық сағаттарда профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесінде ескерілетін оқытушының байланыс жұмысының көлемін анықтау үшін пайдаланылады. Бұл ретте педагогикалық жүктемені қалыптастыру кезінде аудиториялық (байланыс) жұмыс көлемі педагогикалық жүктеменің жалпы көлемінің кемінде 50%-ын құрауы қамтамасыз етіледі.

Академиялық кредиттердегі пән көлемі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Академиялық сағаттардағы пән көлемі	30	60	90	120	150	180	210	240	270
Академиялық сағаттардағы аудиториялық жүктеме көлемі	10	20	30	40	50	60	70	80	90

7. ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖҮКТЕМЕНІ БӨЛУ ТӘРТІБІ

26. Академиялық ағындарды, оқу топтарын және кіші топтарды қалыптастыру оқу жұмыс жоспарлары мен бекітілген сабақтарды жоспарлау саясатына сәйкес ББ, курстар және тіл бөлімдері бойынша жүзеге асырылады.

27. Оқу жұмысының түрлері бойынша педагогикалық жүктемені бөлуді кафедралар академиялық сағаттарда мыналарды ескере отырып жүзеге асырады:

- білім беру бағдарламаларының құрылымдары;
- оқу сабақтарының түрлері мен нысандары;
- оқу топтары мен кіші топтардың толықтығы;
- оқытушылардың біліктілігі, лауазымы және жұмыс тәжірибесі.

28. Лекция оқуға және (немесе) оқу сабақтарының басқа да түрлерін өткізуге мәдениет, өнер саласындағы практикалық тәжірибесі бар ғылыми қызметкерлер, еңбек сіңірген мәдениет, өнер қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.

8. САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ САЯСАТЫ

29. Академияда оқу сабақтарын жоспарлау саясаты іске асырылатын ББ ерекшелігін, оқыту нысандарын, оқу сабақтарының түрлерін және білім алушыларды даярлаудың шығармашылық бағытын ескере отырып айқындалады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

30 беттің 9-ші
беті

Сабақтарды жоспарлау академиялық сағаттарда жүзеге асырылады және білім беру процесінің сапасын және ПОҚ жұмыс уақытын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған.

30. Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу сабақтары мынадай нысандарда және оқу топтарының нормативтік толықтығын ескере отырып жоспарланады:

Сабақ түрі	Бакалавриат	Магистратура	Докторантура
Лекциялар (ЖБП және басқа ағындық лекциялар)	30-60 адам	кемінде 30	кемінде 3
Бейін бойынша лекциялар	кемінде 6	1 және одан көп	1 және одан көп
Семинарлар	15-20	15-20	3 және одан да көп
Бейін бойынша семинарлар	кемінде 6	1 және одан көп	1 және одан көп
Практикалық сабақтар	8	1 және одан көп	—
Практикалық сабақтар (шағын топтық)	2 / 4 / 6	—	—
Тәжірибелік сабақтар (тілдік пәндер, АКТ)	12-13	кемінде 15	—
Дене шынықтыру	15-20	—	—
Жеке сабақтар	1	—	—

31. Лекция сабақтары бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша 30-дан 60 адамға дейін және одан да көп білім алушыдан тұратын академиялық ағындарда жоспарланады, магистратураның ББ бойынша – кемінде 30 адам, докторантураның ББ бойынша – кемінде 3 адам.

32. Бейіндік пәндер бойынша лекциялар бакалавриаттың ББ бойынша кемінде 6 білім алушыдан тұратын құраммен, магистратура және докторантураның ББ бойынша – 1 және одан да көп білім алушы болған жағдайда жоспарланады.

Білім алушыларды қабылдау және контингент ерекшеліктеріне байланысты ерекше жағдайларда ББ тарапынан негіздеме негізінде және басшылықтың келісімі бойынша белгіленген нормативтен аз толған кезде бакалавриаттың ББ бейіндік пәндері бойынша дәрістерді жоспарлауға жол беріледі.

33. Семинар сабақтары бакалавриат және магистратураның ББ бойынша 15-тен 20-ға дейінгі білім алушыдан тұратын оқу топтарында, докторантураның ББ бойынша 3 және одан да көп білім алушыдан тұратын топтарда жоспарланады.

34. Бакалавриаттың ББ бойынша шағын топтар болған жағдайда пәндер мен жұмыс оқу бағдарламаларының мазмұны сәйкес келген жағдайда әртүрлі ББ және (немесе) курстардың білім алушыларын бір оқу тобына біріктіруге жол беріледі. Бакалавриат ББ шығармашылық пәндері бойынша 2-ден 6-ға дейінгі білім алушылар саны бар шағын топтарды ұйымдастыруға, сондай-ак ансамбльдік пәндер бойынша топтар құруға жол беріледі.

35. Практикалық сабақтар «Шет тілі», «Қазақ (орыс) тілі», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндері бойынша бакалавриаттың ББ 12-13 адамнан тұратын шағын топтарда жоспарланады, ал магистратураның ББ тілдік пәндер бойынша – кемінде 15 адамнан тұратын топтарда жоспарланады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	30 беттің 10-ші беті

36. Қауіпсіздіктің жоғары талаптарын сақтауды талап ететін пәндер бойынша («Семсерлесу», «Сахналық жекпе-жек») саны 6 оқушыға дейінгі шағын оқу топтарын қалыптастыруға жол береді.

37. «Эстрада өнері» ББ «Эстрадалық оркестр әртісі» бейіні және «Дәстүрлі музыкалық өнер» ББ «Халық аспаптары» бейіні бойынша, оркестрдің (ансамбльдің) арнайы музыкалық аспаптары жеткіліксіз болған жағдайда, иллюстраторларды («Оркестр класы», «Аспапшылар ансамблі», «Фольклорлық ансамбль» пәндері бойынша) тартуға рұқсат етіледі.

38. Пәндер бойынша аралық бақылауды қабылдау пәннің сағаттық көлемі шегінде оқытушының байланыс оқу жұмысының құрамында ескеріледі.

39. Оқу жоспарының пәндері бойынша аралық бақылаулар мен емтихандарды қабылдау пәнге көзделген сағат шегінде оқытушының байланыс оқу жұмысының құрамында ескеріледі.

40. Есептерді қабылдай отырып, оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды тәжірибеге басшылық жасау үшін оқытушыға оқу жұмыс жоспарында айқындалған педагогикалық жұмыстың сағаттық көлемі есебінен педагогикалық жүктеме жоспарланады.

41. Оқытушының қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі апелляциялық комиссияның жұмысына қатысуы бір білім алушыға 0,5 академиялық сағат көлемінде педагогикалық жүктемеге есепке алынады.

9. АУДИТОРИЯДАН ТЫС ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

42. Білім алушылардың аудиториядан тыс жұмысы пәндердің мазмұнын игеруге және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған білім алушылардың өзіндік жұмысын (БАӨЖ) білдіреді. Білім алушылардың өзіндік жұмысы:

- білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (БАОӨЖ);
- оқытушының қатысуынсыз орындалатын өзіндік жұмыс (БАӨЖ).

43. Білім алушылардың өзіндік жұмыс көлемі оқу жұмыс жоспарларымен айқындалады және пәнді игеру шеңберінде білім алушының еңбек сыйымдылығын көрсетеді.

Оқытушының қатысуынсыз орындалатын білім алушылардың өзіндік жұмысы (БАӨЖ) ПОҚ педагогикалық жүктемесіне енгізілмейді.

Кредиттер мен академиялық сағаттар бойынша пәннің еңбек сыйымдылығын бөлу кестесі

Кредит саны	Пәндер бойынша аудиториялық сағат		Білім алушының өзіндік жұмысы (В, М, D)	
	Барлық сағат	Лекциялар, семинарлық, практикалық, жеке сабақтар (акад.сағ)	БАОӨЖ (25 % акад.сағ)	БАӨЖ (акад.сағ)
1	30	10	5	10
2	60	20	10	30
3	90	30	15	45
4	120	40	20	60
5	150	50	25	75

		ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі		30 беттің 11-ші беті
6	180	60	30	90
7	210	70	35	105
8	240	80	40	120
9	270	90	45	135

Кредиттер мен академиялық сағаттар бойынша пәннің еңбек сыйымдылығын бөлу кестесі қолданылады:

- пәннің құрылымын анықтау үшін;
- оқу процесін жоспарлау үшін;
- академиялық сағаттарда ПОҚ педагогикалық жүктемесінде есепке алынуға жататын оқытушының басшылығымен білім алушылардың байланыс жұмысы мен өзіндік жұмысының көлемін есептеу үшін.

44. Білім алушылардың оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (БАОӨЖ) бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылады және өткізіледі, сондай-ақ консультациялар өткізуді, тапсырмаларды тексеруді және оқытушының білім алушылармен өзге де оқу өзара іс-қимыл нысандарын қамтиды. БАОӨЖ-нің профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесіне енгізілуге жататын көлемі академиялық сағаттармен есепке алынады және жұмыс оқу жоспарлары негізінде айқындалады.

45. Білім алушының оқытушымен байланыс жұмысы мен пәндер бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысы арасындағы уақыт арақатынасын Академия оқытудың кредиттік технологиясының талаптарына сәйкес белгілейді. Бұл:

- аудиториялық (байланыс) жұмыстың көлемі пән көлемінің кемінде 30%-ын құрайды;
- БАОӨЖ көлемі жұмыс оқу жоспарларында белгіленген шектерде айқындалады;
- өзіндік жұмыстың қалған бөлігі БАОЖ-ға жатады және ПОҚ-ның жүктемесіне енгізілмейді.

46. Бір пән бойынша БАОӨЖ, әдетте, бір оқытушыға жоспарланады, бұл пәнді оқу-әдістемелік қолдаудың тұтастығын қамтамасыз етеді.

10. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ

47. Бакалавриат білім алушыларының дипломдық жұмыстарын, дипломдық жобаларын және шығармашылық (практикалық) көрсетілімдерін (спектакль, музыкалық шығармаларды орындау, моносспектакль және т.б.) жетекшілік ету бойынша педагогикалық жүктеме бітіру жұмысының нысаны мен оны орындау сипатын (жеке немесе топтық) ескере отырып, академиялық сағаттармен есепке алынады.

Жеке орындалатын дипломдық жұмыстар мен жобаларға жетекшілік ету бір білім алушыға 25 академиялық сағат есебімен есепке алынады.

Шағын топтарда орындалатын дипломдық жобаларға жетекшілік ету бір білім алушыға 18 академиялық сағат есебімен есепке алынады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

30 беттің 12-ші
беті

Шығармашылық (практикалық) көрсетілімге жетекшілік ету әрбір ББ бөлінісінде 90 академиялық сағат есебімен жүзеге асырылады.

48. Академияның «Актерлік өнер» даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының шығармашылық ерекшелігін ескере отырып, шығармашылық (практикалық) көрсетілім ұжымдық сипатқа ие болады және қорғау бір курс білім алушылар тобы арқылы жүзеге асырылады.

Осыған байланысты дипломдық жобаны басқару жүзеге асырылуы мүмкін:

- көркемдік жетекші (курс шебері);
- тиісті пән бойынша екінші педагог.

Көркемдік жетекші (курс шебері) басшылар санатына жатады.

49. Жеке шығармашылық шеберхананың қызметіне басшылықты академияның жетекші ғалымдары мен өнер шеберлері, әдетте ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызметте айтарлықтай тәжірибесі бар профессорлар, доценттер, аға оқытушылар қатарынан ғылыми-шығармашылық жетекші жүзеге асырады. Шығармашылық шеберхананы басқару бойынша педагогикалық жүктеме академиялық сағаттарда ескеріледі.

50. Бакалавриатта дипломдық жұмыстар мен жобаларға (жеке) басшылық ету нормативі белгіленеді:

- тиісті бейіндегі бір оқытушыға және (немесе) кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын маманға бес дипломдық жұмыс мөлшерінде;

- тиісті бейіндегі бір оқытушыға және (немесе) кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын маманға шағын топтарда орындалатын алты дипломдық жобаға дейін.

Жекелеген жағдайларда, көрсетілген нормадан негізді асып кеткен жағдайда, белгіленген тәртіпке сәйкес сағаттық төлем шарттарында дипломдық жұмыстарға (жобаларға) басшылық жасауға жол беріледі.

Магистратурада – 5 магистранттан артық емес.

Докторантурада – үш докторанттан артық емес.

51. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибелік-зерттеу жұмыстарына (МҒЗЖ/МТЗЖ/ДҒЗЖ/ДТЗЖ) жетекшілік ету ғылыми жетекшілерге жоспарланады және педагогикалық жүктемеде академиялық сағаттармен есепке алынады.

51-1. Пәнаралық сипаттағы магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындау кезінде консультанттың педагогикалық жүктемесі магистрлік диссертацияға (жобаға) басшылық етуге белгіленген уақыт нормасының 40 пайызынан аспайтын көлемде жоспарланады.

Көрсетілген жүктеме көлемі магистрлік диссертацияға (жобаға) басшылық етуге көзделген сағаттардың жалпы көлеміне енгізіледі және бір магистрантқа белгіленген уақыттың жалпы нормасын ұлғайтуға әкеп соқпайды.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	30 беттің 13-ші беті

52. Диссертациялық зерттеулер бойынша кеңесші ретінде тартылатын жетекші ғалымдар мен сыртқы ұйымдардың мамандарына еңбекақы төлеу бір докторантқа жылына 50 сағат есебімен белгіленеді.

53. Магистранттар мен докторанттардың зерттеу практикасына жетекшілік ету диссертациялардың ғылыми жетекшілеріне жоспарланады және педагогикалық жүктемеде ескеріледі.

11. КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ

54. Кәсіби тәжірибе білім беру бағдарламаларының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады және оқытушылардың ұйымдастырушылық-әдістемелік және бақылау функцияларын орындауын көздейді, олардың көлемі осы Ережеге сәйкес ПОҚ педагогикалық жүктемесінде есепке алынуға тиіс.

55. Білім алушылардың кәсіби тәжірибесінің еңбек сыйымдылығы ББ оқу жұмыс жоспарларына сәйкес академиялық кредиттерде айқындалады. Кәсіби тәжірибеден өтуді ұйымдастыру, басқару және бақылау бойынша ПОҚ педагогикалық жүктемесі білім алушылардың еңбек сыйымдылығынан бөлек айқындалады және академиялық сағаттарда ескеріледі. Кәсіби тәжірибе бойынша педагогикалық жүктеме уақытының нормасы оқу тобына 10 академиялық сағатты құрайды.

56. Тәжірибе түрлерін, академиялық кредиттер санын және оларды өткізудің күнтізбелік параметрлерін қоса алғанда, бакалавриат білім алушыларының кәсіби тәжірибесінің ұзақтығы мен көлемі Академия білім алушыларының оқу жоспарларына және кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру туралы Ережеге сәйкес айқындалады. Кәсіби тәжірибе бойынша оқытушылардың педагогикалық жүктемесі оқу тобына жоспарланады және осы Ережеге сәйкес академиялық сағаттарда ескеріледі.

Тәжірибе түрлері	Кредит саны	Акад.сағ	Курс	Семестр	Апталар саны
Оқу тәжірибесі	3	90	1,2	2	«Өнертану», «Хореография», «Музыкалық өнер», «Театр өнері», «Кино және ТВ» (Режиссура, анимация режиссурасы, кино және ТВ жобаларын шығару) факультеттері бойынша – 15 (семестр бойы); «Кескіндеме, мүсін және дизайн», «Кино және ТВ» факультеттері бойынша (операторлық өнер, Аудиоөндіріс), «Арт-менеджмент, продюсерлік» кафедрасы – 2 (оқу үдерісінен тыс);
Педагогикалық тәжірибе	3	90	3	6	«Хореография», «Музыкалық өнер» факультеттері бойынша – 15 (семестр бойы)
Өндірістік тәжірибе	3	90	3,4	6,8	«Өнертану», «Хореография» (балетмейстерлік өнер), «Театр өнері», «Кино және ТВ» (анимация режиссурасы, Медиажурналистика, Медиа және ойын технологиясы) факультеттері бойынша – 15 (семестр бойы);

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ				П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
					30 беттің 14-ші беті
	Ереже нормативтік құжат түрі				
					«Кескіндеме, мүсін және дизайн», «Кино және ТВ» факультеттері бойынша (Режиссура, Операторлық өнер, Аудиоөндіріс), «Арт-менеджмент, продюсерлеу» кафедрасы – 2 (оқу үрдісінен тыс);
Дипломалды тәжірибесі	3	90	4,5	8, 10	Барлық факультеттер бойынша – 2 (оқу үдерісінен тыс);

Магистратура және докторантура бойынша:

Тәжірибе түрлері	Кредит саны	Акад.сағ	Курс	Семестр	Апталар саны
Ғылыми-педагогикалық магистратура					
Педагогикалық тәжірибе	5	150	1	2	6
Зерттеу тәжірибесі	6	180	2	4	6
Бейіндік магистратура					
Өндірістік тәжірибе	6	180	1	2	6
Докторантура					
Педагогикалық тәжірибе	10	300	2	4	6
Зерттеу тәжірибесі	10	300	3	5	6

12. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ЖОСПАРЛАУ

57. Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін аттестаттау комиссиясы құрылады. Аттестаттау комиссиясының сандық құрамы кемінде бес адам болып белгіленеді.

58. Аттестаттау комиссиясының жұмыс ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауға тиіс.

59. Дипломдық жұмыстарды (дипломдық жобаларды, шығармашылық жобаларды) қорғауды жүргізу кезінде аттестаттау комиссиясының жұмыс уақытының нормасы бір білім алушыға 50 минуттан аспайды.

60. Аттестациялық комиссияның бір күн ішіндегі жалпы жұмыс ұзақтығы 8 сағаттан аспауы тиіс. Қорғау саны бір білім алушыға белгіленген уақыт нормасына сәйкес айқындалады.

61. «Актерлік өнер» ББ бойынша білім алушылар үшін шығармашылық (практикалық) көрсетілім нысанында қорытынды аттестаттауды өткізу ұзақтығы бір күн ішінде 8 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

62. Магистрлік диссертацияларды қорғау кезінде бір күн ішінде қорғауға ұсынылатын білім алушылардың саны аттестаттау комиссиясының жұмыс уақытының нормативтеріне сүйене отырып, 8-10 адамнан аспайды.

63. Аттестациялық комиссия жұмысына қатысу күніне 8 академиялық сағаттан аспайтын көлемде жоспарланады және есепке алынады. Аттестациялық комиссия төрағасына комиссия жұмысын ұйымдастыруға, аттестаттау рәсімін үйлестіруге және қорытынды шешімдерді рәсімдеуге күніне қосымша 1 академиялық сағат белгіленеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
		30 беттің 15-ші беті

Магистратурада аттестаттау комиссиясының төрағасына жұмыспен алдын ала танысу, оны талдау және қорғауды өткізуге дайындық үшін әрбір магистрлік диссертацияға қосымша 1 академиялық сағат жоспарланады.

Аттестациялық комиссияның сандық құрамы 3-тен 5 адамға дейін белгіленеді. Комиссия жұмысы бір күнге жоспарланған кезде қорытынды аттестаттауды бакалавриаттың 12 білім алушысынан, магистранттардың 8-інен және докторанттардың 6-ынан артық емес өткізуге жол беріледі.

13. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАУ

64. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу-педагогикалық жүктемені жоспарлау кезінде пәннің тәжірибеге бағдарланған сипатына байланысты байланыс сағаттарының толық көлемі ескеріледі.

65. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу-педагогикалық жүктемені есептеу ерекшеліктері МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес білім алушыларды даярлаудың кәсіптік-қолданбалы ерекшелігімен айқындалады.

Оқу сабақтарының жекелеген түрлері бойынша оқу жүктемесі оқу мазмұны, құрылымы мен нәтижелері МЖМБС талаптарына және Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келген жағдайда, сондай-ақ «Сахналық пластика және дене тәрбиесі» кафедрасы тарапынан әдістемелік сүйемелдеу мен бақылау қамтамасыз етілген кезде, білім алушылардың физикалық қасиеттерін, кимыл-қозғалыс дағдыларын және функционалдық даярлығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін бейіндік пәндер оқытушыларына жоспарлануы мүмкін.

14. ББ БОЙЫНША ЖЕКЕ САБАҚТАР

66. Шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларының (Актерлік өнер, Эстрада өнері, Дәстүрлі музыкалық өнер) ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесінде оқу сабақтарының жеке нысандары көзделеді. Жеке сабақтар білім алушылардың дербес дайындықты талап ететін пәндер бойынша жоспарланады: жеке ән айту, вокал, фортепиано, мамандық (аспап түрлері бойынша), Эстрадалық вокал және оқытушылардың педагогикалық жүктемесінде есепке алынады.

15. КОНЦЕРТМЕЙСТЕРЛІК САҒАТТАР

67. «Актерлік өнер», «Эстрада өнері», «Дәстүрлі музыкалық өнер», «Режиссура», «Балетмейстерлік өнер», «Хореография» бағыттары бойынша бакалавриат ББ іске асыру кезінде музыкалық сүйемелдеуді талап ететін жеке және топтық сабақтарда концертмейстерлердің жұмысы жоспарланады.

68. Концертмейстерлердің жүктемесі профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесіне тең келмейді.

69. Концертмейстердің жұмыс уақыты мыналарды қамтиды:

- бекітілген сабақ кестесі бойынша жұмысты;
- білім алушылармен жеке жұмысты;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	30 беттің 16-ші беті

- репетициялық дайындықты;
- бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау нысандарын сүйемелдеуді;
- академиялық концерттерге, сынақтарға, емтихандарға және өзге де оқу іс-шараларына қатысуды.

70. Концертмейстердің оқу жүктемесінің құрамында келесі жұмыс түрлері ескеріледі:

а) Аудиториялық жұмыс

Сабақ кестесі бойынша музыкалық сүйемелдеу.

б) Білім алушылармен жеке жұмыс

Сабақ кестесінен тыс, оқу материалдарын, бағдарламаларды және орындаушылық нысандарды дайындауға байланысты жұмыс.

в) Репетициялық дайындық

Бақылау іс-шараларына, аралық аттестаттауға, сынақтарға, емтихандарға және өнер көрсетуге білім алушыларды дайындауға жұмсалатын уақыт.

г) Аттестаттау іс-шараларын сүйемелдеу

Техникалық емтихандар, аралық аттестациялар, қорытынды қойылымдар, академиялық концерттер шеңберіндегі жұмыс.

71. Концертмейстердің жүктемесі оқу процесінің кезеңдеріне байланысты семестр бойы біркелкі емес сипатта болуы мүмкін.

Жұмыстың ауыспалы қарқындылығын есепке алу үшін оқу кезеңдері бойынша жүктемені бөлу коэффициенті қолданылады.

Концертмейстер жүктемесін бөлу кестесі

Оқу кезеңі	Жүктеме сипаты	Уақытты есепке алу коэффициенті
Бірінші аралық аттестаттауға дейін	Негізінен аудиториялық жұмыс, жеке сабақтарға шектеулі қажеттілік	0.5 – 0.7
Бірінші аралық аттестаттаудан кейін	Жеке және репетициялық жұмыстың артуы	1.0
Қорытынды аттестаттау / өнер көрсету алдында	Репетициялық дайындықтың ең жоғары қарқындылығы	1.2 – 1.5

72. Концертмейстерге білім алушыларды жеке және репетициялық даярлауға арналған уақыт нормасы ілеспе пәндер бойынша аудиториялық жүктеменің, оның ішінде БАОӨЖ-ны қоса алғанда, 50%-на дейінгі көлемде белгіленеді.

73. Техникалық емтихандарды, аралық аттестаттауды, сынақтарды, емтихандарды және академиялық концерттерді сүйемелдеу концертмейстердің оқу жүктемесіне енгізіледі. Уақыт нормасы бір іс-шараға 3 сағат есебімен айқындалады.

74. Концертмейстерлер қызметінің ерекшелігіне байланысты жұмыс уақытының икемді режиміне жол беріледі. Концертмейстердің қатысуы анықталады:

- сабақ кестесі;
- жеке жұмыс кестесі;
- дайындық жоспары;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.11-2026
		30.04.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	30 беттің 17-ші беті

• кафедраның оқу іс-шараларының кестесі

